

Қостанай Республикасы Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Мемлекеттік еңбек инспекциясы
жөніндегі комитетінің Қостанай облысы
бойынша департаментте
2026 ж. « 12 » 05
№ 417 тіркелген

2024–2026 жылдарға арналған 12.03.2024 ж. ұжымдық шартқа
№ 2 қосымша келісім

29.04.2026 ж.

Қостанай жоғары автомобиль көлігі колледжінің директоры бұдан әрі «Жұмыс беруші» деп аталатын Д.И. Павленко және ұйым қызметкерлері бұдан әрі «қызметкерлер» деп аталатын. Қостанай автомобиль көлігі колледжі кәсіподақ ұйымының төрағасы С.В. Дирксен тұнбасында ұсынылған «Қызметкерлер өкілі» бұдан әрі «Өкіл» деп аталатын тараптар төмендегілер туралы осы қосымша келісімді жасасты:

2024–2026 жылдарға арналған 12.03.2024 ж. ұжымдық шартқа келесі өзгерістер енгізілсін:

4-бөлім

Қызметкерлерді қысқарту және олардың жұмысқа орналауына жәрдемдесу

4.2.1-тармаққа (штат саны немесе қысқарту кезінде жұмыс орнында қалуға басым құқық берілетіндер) келесі жол қосылсын:

– республикалық деңгейдегі кәсіби жетістіктері бар қызметкерлер (байқауларға қатысушылар, әдістемелік материалдардың авторлары/құрастырушылары, республикалық комиссия мүшелері).

5-бөлім

Жұмыс уақыты және демалыс уақыты

5.2.3-тармаққа (ақысыз демалыс беру жағдайлары) келесі жол қосылсын:

– тұрмыстық сипаттағы тотенше жағдайлар (орт, су тасқыны және басқа да айқындалған жағдайлар), сондай-ақ көліктегі (жол-көлік оқиғалары) жағдайларда 5 күнге дейін.

5.2.6-тармақтағы «Үш күнге дейін ақылы демалыс ұзарту туралы тараптар келісті» деген сөздер: «Негізгі еңбек демалысының ұзақтығын үш күнтізбелік күнге ұзарту туралы тараптар келісті» деп ауыстырылсын.

5.2.6-тармақтағы:

- бас бухгалтерлер, бухгалтерлер;
- бас экономистер, экономистер;
- мемлекеттік сатып алулар жөніндегі менеджерлер (маман);
- кітапханашылар;

– медициналық қызметкерлер деген сөздер:

«педагог лауазымдарын атқаратын қызметкерлерден басқа барлық қызметкерлер» деп ауыстырылсын.

5.2.6-тармақ мына мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

Тараптар келісті:

– бір ұйымда 10 және одан да көп жыл жұмыс істейтін бас бухгалтерлерге, бухгалтерлерге, бас экономистерге, экономистерге – 6 күнге дейін;

– білім беру ұйымының кәсіподақ комитеті мүшелеріне – 3 күнге дейін қосымша ақылы демалыс беріледі.

5.12-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

Кәсіподақ комитетінің босатылмаған төрағасы болып табылатын қызметкерге 6 күнтізбелік күн көлемінде қосымша ақылы демалыс белгіленсін.

6-бөлім

Еңбекақы және еңбекті нормалау

6.17-тармақта 1-абзацтың мәтіні "Тараптар жұмыскерлердің кінәсінен емес, үстемеақылар мен көтермелеулерді есеппе алмағанда, ағымдағы жалақы мөлшерінде төленеді деген келісімге келді мынадай редакцияда жазылсын: **«Тараптар жұмыскерлердің кінәсінен емес жай жалақы ағымдағы жалақы мөлшерінде төленеді деген келісімге келді»**

Келісімнің 6.6-тармағының 7-абзацы "негізгі лауазым (кәсіп) бойынша жұмыс уақыты шегінде қосымша жұмысты орындайтын қызметкерлерге лауазымдарды қоса атқарғаны (қызмет көрсету аймағын кеңейткені) үшін қосымша ақы қызметкердің лауазымдық жалақысының 50% - на дейін құрайды" мынадай мазмұндағы мәтінге ауыстырылсын: **"лауазымдарды қоса атқарғаны үшін қосымша ақы, қызмет көрсету аймағын кеңейту орындалатын лауазымның тиісті көлеміне жұмыс көлемінде, бірақ лауазымдық жалақының 50% - нан аспайды"**.

8-бөлім

Еңбекті қорғау және денсаулық

8.7-тармақпен толықтырылсын:

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың қоғамдық жұмысын ынталандыру және қауіпсіздікті бақылау сапасын арттыру мақсатында Жұмыс беруші жылына бір рет Еңбекті қорғаудың дүниежүзілік күнінде ішкі актілерге сәйкес, оның ішінде ақпалай сыйақы түрінде көтермелеу жүргізеді.

10-бөлім

Кәсіподақтың міндеттемелері

10.3-тармақ: "Жалақы беру мерзімдерін бақылауды жүзеге асыру" деген мазмұн мынадай мазмұнмен ауыстырылсын: **"Жалақы беру мерзімдерін, жалақы қорының, жалақыны үнемдеу қаражатының, бюджеттен тыс Қордың және білім беру ұйымының өзге де қорларының дұрыс жұмсалуды бақылауды жүзеге асыру"**

10-бөлім келесі тармақтармен толықтырылсын:

10.18. Білім беру ұйымдарында педагог қызметкерлерді аттестаттау тәртібінің сақталуын бақылау.

10.19. Білім беру ұйымдарында «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңы талаптарының орындалуын бақылау.

ЖЕКЕ ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН ШЕШУ ЖӨНІНДЕГІ КЕЛІСІМ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕГЕ 1-қосымша

3-тармақ: «Қызметкерлер мен білім беру ұйымдары арасында туындаған барлық санаттағы жеке еңбек даулары, еңбек дауы тараптарының бірінің өтініші бойынша білім беру ұйымының келісім комиссиясында немесе білім беру бөлімінің (білім басқармасының) деңгейінде құрылған келісім комиссиясында қаралуы мүмкін, бұл ретте өтініштерді қарау иерархиясы қағидаты сақталады. Еңбек дауы тараптарының тиісті комиссияға жүгіну мәселесі бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда, қызметкердің өтінішіне басымдық беріледі.»

Келесі редакцияда баяндалсын:

«Қызметкерлер мен білім беру ұйымдары арасында туындаған барлық санаттағы жеке еңбек даулары, еңбек дауы тараптарының бірінің өтініші бойынша білім беру ұйымының келісім комиссиясында немесе білім беру бөлімінің (білім басқармасының) деңгейінде құрылған келісім комиссиясында қаралуы мүмкін. Еңбек дауы тараптарының тиісті комиссияға жүгіну мәселесі бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда, қызметкердің өтінішіне басымдық беріледі.»

